



"ҚХЖБ-топ" Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясын" құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 2 шілде N 4003. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.01.21. N 326 жарлығымен. ~U000326

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін қазіргі заманғы қаржылық, инвестициялық технологиялар мен құралдарды дамыту жолымен одан әрі жетілдіру мақсатында, сондай-ақ олардың экономиканы реформалау процесіндегі маңызын ескере отырып қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Бір ай мерзімде компанияның жарғылық капиталына мемлекеттің 100%-тік қатысуымен "ҚХЖБ-топ" "Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" (бұдан былай - "ҚХЖБ-топ") жабық үлгідегі акционерлік қоғамын құруды қамтамасыз етсін.

2) "ҚХЖБ-топтың" сенімді басқаруына:

- "Қазақстан Халықтық жинақ банкі" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін;

- акционерлік қоғамдар болып қайта құрылғаннан кейін алынған мынадай мемлекеттік кәсіпорындардың:

"Қазақстан мемлекеттік экспорт-импорт банкі" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

"Қазақшетсақтандыру" Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі мемлекеттік компаниясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны акцияларының мемлекеттік пакеттерін беретін болсын.

3) "ҚХЖБ-топ" Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы қызметінің негізгі мәні:

- инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесін құру мен дамыту;
- почта-жинақтау жүйесі мен ақша төлем карточкаларының ұлттық жүйесін дамыту;

- инвестициялық қорларды дамытуды ынталандыру;
- зейнетақылық және әлеуметтік қызмет көрсету инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру;

- қор рыногы инфрақұрылымын жетілдіруге қатысу;
- қызмет көрсету саласында шағын және орта бизнесті жеделдете дамытуға

септігін тигізетін франчайзинг жүйелерін дамыту;

- ұлттық акционерлік компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындарға қаржы мәселелері жөнінде консультациялар беру деп айқындасын.

4) Почта-жинақтау жүйесін құру мен дамыту мақсатында "ҚХЖБ-топпен" бірлесіп бағдарлама әзірлеп, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын қайта құруды жүзеге асыратын болсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті